Сынып журналдары 2021-2022 оқу жылы және 2022-2023 оқу жылының

1-2 тоқсаны «Күнделік КЗ» электронды журналында, 2022-2023 оқу жылының 3-тоқсанынан бастап және 2023-2024 оқу жылдары "BilimLand" электронды журналында

жүктелген.

-білім алушылардың субъективті жаңа білімді меңгеруі мен таным мәселелерін шешуге, ұлттық дәстүрлерді, мәдениетті зерделеуге және жалпыадамзаттық құндылықтарды сіңіруге бағытталған тәрбие жұмысын іске асыру;

№22 3.Рүстемов атындағы жалпы орта білім беретін мектебінде 2021-2022 , 2022-2023 оқу жылдарының мектеп тәрбие саласы жоспары жаңа оқу жылына арналған тәрбие іс – шаралары 472-бұйрық негізінде дәстүрлі форматқа сәйкестендіріп жасалды. 2023-2024 жаңа оқу жылы мектеп тәрбие саласы жоспары Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің 2023 жылғы 19 қыркүйектегі №294 «Біртұтас тәрбие бағдарламасын» іске асыру туралы бұйрығы негізінде Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің «Біртұтас тәрбие бағдарламасын» іске асыру бойынша Мемлекеттік құзырлы органдармен бірлескен 2023-2024 оқу жылына арналған Түркістан облысы Төлеби ауданы білім беру ұйымдарының кешенді жоспарына сәйкестендіріп жасалып жүзеге асырылуда

Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері «Мәңгілік Ел» жалпыұлттық идеясы аясында отбасылық тәрбие құндылықтары, сондай-ақ оқу және тәрбие процестерінің өзара кірігуі негізінде білім беру процесінің тәрбиелік әлеуетін арттыруға, оқыту мен тәрбиенің кіріктірілуіне, тәрбие әдіснамасын, мазмұны мен құрылымын жаңартуға бағдарланған.Қазіргі таңда білім беру ұйымдарындағы тәрбие жұмысының басты міндеттерінің бірі - еліміздің болашағының біртұтас іргетасын және жалпы азаматтық біріктіруші мақсат жүйесінің негізін құратын жаңа идеологиялық тұжырымдама «Мәңгілік Ел» жалпыұлттық патриоттық идеясы мен Патриоттық Актісін жүзеге асыру және қоғамды рухани жаңғыртудың ауқымды идеялары мен тұжырымдамалық тәсілдерді терең зерделеу және білім алушылар арасында таратуды ұйымдастыру болып табылады.

1. Жаңа демократиялық қоғамда өмір сүруге қабілетті азаматты және патриотты; тұлғаның саяси, құқықтық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетін; балалармен жастардың құқықтық санасын, балалар мен жастар арасындағы қатыгездік пен зорлық-зомбылыққа қарсы тұру дайындығын қалыптастыру.
- 2.Тұлғаның рухани-адамгершілік және этикалық принциптерін, оның қазақстандық қоғам өмірінің нормалары және дәстүрлерімен келісілген моральдық қасиеттері мен мақсаттарын қалыптастыруға ықпал ету.
- 3.Тұлғаның жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарға бағдарлануына, ана тілі мен қазақ халқының, Қазақстан Республикасында тұратын этностар мен этникалық топтардың мәдениетін құрметтеуіне ықпал ету.
- 4.Бала тұлғасын қалыптастыруда ата-аналардың ағарту жұмысын, психологиялық-

педагогикалық құзыреттіліктерін күшейтуге, бала тәрбиесі үшін олардың жауапкершілігін арттыруға ықпал ету.

5. Тұлғаның еңбек дағдыларын, экономикалық ойлауы мен кәсіби қалыптасуы мен өзін-өзі іске асыруына саналы қарым-қатынас қалыптастыру, экологиялық мәдениетін дамыту, сондай-ақ коэволюция идеяларын қабылдау қабілетіне және оны күнделікті өмірде басшылыққа алуына ықпал ету.

6. Әрбір тұлғаның зияткерлік мүмкіндіктерін, көшбасшылық қасиеттерін және дарындылығын дамытуды қамтамасыз ететін уәждемелік кеңістік қалыптастыру, оның ақпараттық мәдениетін қалыптастыруға ықпал ету.

7. Білім беру ұйымдарында көп мәдениетті орта құруға ықпал ету, жалпы мәдени мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру, тұлғаның өнерде және болмыста эстетикалық нысандарды қабылдау, меңгеру және бағалау әзірлігін дамыту.

8. Салауатты өмір салты дағдыларын тиімді меңгеру, дене дамуы мен психологиялық денсаулықты сақтау, денсаулыққа зиян келтіретін факторларды анықтау біліктілігін ойдағыдай қалыптастыру үшін кеңістік орнату.

Жоғарыдағы мақсат-міндеттерге негізделе отырып, 2021-2022, 2022-2023 оқу жылдарында мектептің тәрбие беру жұмысының тақырыбын - «Арнайы авторлық бағдарламалар мен халықтық педагогикаға негізделген тәрбие жүйесі арқылы тәрбиенің ұтымды әдіс-тәсілдерін іздестіріп, жетілдіріп, ғылыми және ынтымақтастық педагогикаларымен тығыз байланыстырып, мектептегі оқушылардың талап-тілектері, мүдделерін және олардың жеке басының ерекшеліктерін жан-жақты зерттеп білу және жеке тұлғаның ақпараттық-коммуникациялық құзырлылығы негізінде рухани-адамгершілік дамуын қалыптастыру» деп алып, ал мектептің тәрбие жұмысының мақсатын - «Білімнің білігін, тәрбиенің тәлімін бере отырып ұлттық үлгіден әлемдік білім кеңістігіне шығу. Мектеп оқушыларын қоғамның белсенді және саналы азаматы етіп тәрбиелеуге барынша ықпал жасау. Бәсекеге қабілетті, өзін-өзі басқара білетін, қарым-қатынас мәдениеті, ақпараттық мәдениеті, зерттей білетін дағдылары, іс-әрекет жасай білу, интеллектуалдық жұмыс істей білу мәдениеті дамыған тұлға тәрбиелеу» деп алып алуан түрлі тәрбие іс-шаралары жоспарлап жүзеге асырдық.

Оқу жылдарында сынып жетекшілер тағайындалып, оқушылардың және ата-аналардың әлеуметтік жағдайы туралы мәліметтер жиналды, тәрбие жұмыстарының бағыттары белгіленді. Сонымен қатар тәрбие шараларына бақылау-басшылық жасау іске асты. Оның ішінде сынып жетекшілердің тәрбие жоспарлары бекітіліп тексерілді. Тәрбие жұмысының мазмұны білім тұжырымдамасындағы 8 бағыт бойынша: жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтар тұтас педагогикалық процестің өзегі бола отырып, тәрбие жұмыстарының барлық бағыты арқылы өтеді. Жол қауіпсіздік ережелерін насихаттау, балалар жарақатын болдырмаудың алдын алу шаралары, өрт қауіпсіздігіне арналған шаралар, ҚР мемлекеттік рәміздерін насихаттау және қолдау бағдарламасы бойынша іс-шаралар, діни экстремистік көз қарасқа қарсы жүргізілетін іс-шаралар жоспарланды. Мектеп әкімшілігі мен «Бала

тәрбиесі баршаның ісі» тақырыбында бірлесіп атқарылатын жұмыстардың көлемі бекітілді. Оқушылар арасында құқықбұзушылықтың алдын алуды ұйымдастыру шаралары бірлесіп жасалды. Жыл басында даталы мерекелер апталықтар сынып жетекшілерге бөлініп берілді.

-білім алушылардың рухани-адамгершілік, азаматтық-патриоттық, көркемдік-эстетикалық, еңбек және дене тәрбиесін іске асыруды қамтамасыз ететін сабақтан тыс қызметтің әртүрлі нысандарын ұйымдастыру;

Мектептегі тәрбиенің тұжырымдамалық сегіз бағыты

1. Жаңа Қазақстандық патриотизм мен азаматтықты тәрбиелеу, құқықтық тәрбие
2. Рухани-адамгершілік тәрбие
3. Ұлттық тәрбие
4. Отбасы тәрбиесі
5. Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие
6. Көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие
7. Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениет тәрбиесі
8. Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты

Жаңа Қазақстандық патриотизм мен азаматтықты тәрбиелеу, құқықтық тәрбие

Мақсаты: *Отанға ұтымды және эмоционалдық қарым-қатынасы, мемлекет пен қоғамның саяси, құқықтық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңсыздыққа қарсы тұратын, балалар мен жастар ортасында қатыгездік пен зорлық-зомбылыққа қарсы тұруға дайын заңдарын меңгеру және сақтау қажеттілігі бар патриот пен азаматты қалыптастыру.*

2. Рухани-адамгершілік тәрбие

Мақсаты: *Адамгершілік іс-әрекет тәжірибелік қалыптастыру, сыртқы келбетпен күнделікті тұрмыс дағдыларын қалыптастыру.*

Кітап адам баласының сан ғасырлық ақыл-ойының жемісі, тарихы менталдылығының алтын сандығы. «Кітап дегеніміз- алдыңғы ұрпақтың артқы ұрпаққа қалдырған рухани өсиеті. Кітап – мәңгілік парасаттың ең киелі ғибратты, қоғамның мәдени күштерін дамытудың қуатты құралы, қайнар бұлағы.

Мәдени құндылықтарды жете түсінуді дамыту, сондай-ақ кітаптың білім таратудағы маңыздылығы мен оны сақтаудың құралы екенін айқындау. Оқырмандардың, оқушылардың кітап оқуға деген қызығушылығын ояту, сапалы білім, саналы тәрбие алу үшін көп оқып, көп іздену керек екенін түсіндіре отырып, оларды адамгершілікке, мейірімділікке, әдептілікке тәрбиелеу, «Оқуға құштар мектеп» жобасын іске асыру мақсатында сабақ арасындағы 10 минуттық үзілісте оқушылардың кітап оқуы кітапханашы Э.Усманова тарапынан жүйелі жолға қойылған.

3. Ұлттық тәрбие

Мақсаты: Жеке тұлғаны жалпы адамзаттық және ұлттық құндылықтарға бағыттау, ана тілі мен мемлекеттік тілге, қазақ халқының мәдениетіне, Қазақстан Республикасының этностары мен этностық топтарына құрмет көрсету. «Дәстүр мен ғұрып» жобасы аясында ҚББП Ш.Усманов және пән мұғалімдері М.Гулбаев, О.Домбаков тарапынан шығармашылық көрмелер ұйымдастырылып тұрады. Көркем еңбек пәнінің мұғалімдері «Ұлттық қолөнер – ұрпаққа аманат» атты оқушылар шығармашылығынан көрмелер ұйымдастырып, оқушылардың шығармашылығын арттыруға ықпал жасауда. «Тәрбие өрмегінің алтын тілі – ұлттық тәрбие» жалпы тақырыпта тәрбие сағаттары өткізіледі.

4. Отбасы тәрбиесі

Мақсаты: Бала тұлғасын қалыптастыруда ата-аналардың ағарту жұмысын, психологиялық-педагогикалық құзыреттіліктерін күшейтуге, бала тәрбиесі үшін олардың жауапкершілігін арттыруға ықпал ету. «Тәрбие отбасынан басталады» тақырыбында өткен ата-аналар жиналысында ата-аналарға бала тәрбиесіне қатты назар аудару, мектеппен тығыз байланыста болу жайы айтылды. Мектеп пен отбасының өзара байланысын, қарым-қатынасын нығайту, отбасының қарым-қатынасындағы сенімділікті және сыйластықты қалыптастыру, бала тәрбиесінде әкенің рөлі ерекше екендігін түсіндіру, «Әкелер мектебі» жобасы аясында әкелер мектебінің жұмысын жандандыру мақсатында ДТІЖО А.Усманов, ПП Х.Қаратаев, ӘП К.Анарметов тарапынан «Әке – отбасы қорғаны» әкелер конференциясы болып өтті. Конференцияға 8-11 сынып оқушыларының әкелері, ағалары, психолог, АӘД пән мұғалімі, ер ұстаздар қатысты.

5. Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие

Мақсаты: Кәсіби өзін-өзі анықтауға саналы көзқарасты қалыптастыру, экономикалық ойлауды және тұлғаның экологиялық мәдениетін дамыту.

Ерте жастан экологиялық мәдениет жобасы аясында: «Табиғатты таза ұстау – адамзаттың борышы» сенбіліктері ұйымдастырылып, оқушының өз сыныбы, өзі отырған парталарына тазалық жұмыстарын жүргізуге ықпал жасалып, орындалды. «Ең жасыл кабинет» байқаулары барысында әр сыныпта отырғызылған гүлдерді көбейту барысында жұмыстар жүргізілді. Қазақ халқы қашан да еңбекке аса үлкен мән беріп, бала тәрбиесінде де еңбекқорлықты маңызды санаған. *«Еңбек - елдің мұраты» жобасы аясында:* «Еңбекпен тапқан нан тәтті» және басқа тақырыптарда ҚББП А.Рахмеджанов басшылығында сынып жетекшілері барлық сыныптарда әңгімелер өткізеді. Әңгіме барысында еңбек ету адамды адам ететінін жағдайы қозғалады.

6. Көп мәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие

Мақсаты: Әрбір тұлғаның зияткерлік мүмкіндіктерін, көшбасшылық қасиеттерін және дарындылығын дамытуды қамтамасыз ететін уәждемелікке негізді қалыптастыру, оның ақпараттық мәдениетін қалыптастыруға ықпал ету. Оқушыларға көркемдік эстетикалық

тәрбие беру мақсатында Тәрбие Одағы мүшелері- штаттағы педагогтар – ПП, ӘП, ҚББП, КББП, ҰП, МТ барлық сыныптарда әңгімелер жүргізіліп, таза, әдемі жүру жайлы әңгіме қозғайды. Сынып жетекшілері мен бірлесіп «Достығымыз жарасқан », «Дос болайық !» тақырыбында өткізілген тәрбие сағаттарында оқушыларға дос, достық туралы әңгімелей отырып, олардың достық қарым-қатынасын жақсы, бір-бірімен тату болуы жайлы толығымен түсіндіріледі.

7. Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениет тәрбиесі «Ұшқыр ой алаңы» дебаттық клуб

Заман талабының сұранысына саласы жетік, адами құндылықты жанына серік еткен, айналасына сын көзбен қарап, қоғамдық өмірге белсене араласатын жастардың жаңа буынын қалыптастыру. Мектеп оқушыларын үйірмеге тарту. Мектепшілік пікірсайыс турнирлерін ұйымдасатыру, үздіктерді анықтап, ынталандыру. Мектеп намысын қорғайтын үздік оқушыларды анықтау. Мектеп оқушыларын мектепаралық, аудандық, облыстық, республикалық, халықаралық пікірсайыс турнирлеріне қатыстыру, тәжірибе алмасу арқылы үздік нәтижелерге қол жеткізу.

Дамытушылық: Шығармашылық жұмыстар орындату арқылы оқушылардың ой-өрісін, жоспар құру, тезис жазу.

Міндеттері: Оқушылардың шығармашылық қабілеттерінің айқындалуына мүмкіндік беру. Шешендік өнер және жұрт алдында сөйлеу мәдениеті қалыптасқан талантты жастарды анықтау; талантты жастарды ынталандыру; мектеп оқушылары арасында пікірсайыстың деңгейін көтеру; мектеп оқушыларының сын тұрғысынан ойлауын дамыту; өз Отаны Қазақстан, оның басты құндылықтарын құрмет тұтып, мақтаныш сезімдерін қалыптастыру; оқушылардың жауапкершілігінің және танымдық қабілеттерін түрлі пікірталастар арқылы ортаға салу; оқушыларды коммуникативтілікке, сөйлеу мәдениетіне, сөз өнеріне, тұжырымды ойын дәлелдей білуге баулу; оқушының өзін – өзі тәрбиелеуіне, өзін жіне өзгені бағалай білуге үйрету; сұлулықты түсіне білуге, өз Отанына, атамекеніне деген патриоттық сезімді ояту.

8. Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты

Салауатты өмір салты, дене дамуы және психологиялық денсаулық сақтау дағдыларын, денсаулыққа зиян келтіретін факторларды анықтау біліктілігін ойдағыдай қалыптастыру үшін кеңістік орнату.

Жастардың бойына психикалық тұрақтылықты және тиімді кәсіби қызмет қажеттілігін қамтамасыз ететін салауатты өмір салтын дарыту мен жеке тұлғалық сапаны қалыптастыру мақсатын қояды. Оны іске асыруға алдын алушылық білім кіреді. Салауатты өмір салтын қалыптастыру адам ағзасының мүмкіндіктерін, оның қызметінің ерекшеліктерін болжау, адамның физикалық, психикалық және рухани саулығының өзара байланысы сондай-ақ, тәрбиеленушілердің сан-алуан спорт түрлеріне қатыстыру жолымен ағартушылық және ақпараттық түсіндіруші жұмыс барысында жүзеге асыру

мақсатында денсаулыққа зиянды заттарды қоданудан бас тарту жұмыстары жүйелі түрде жүргізілді.

2021-2022, 2022-2023 оқу жылдарындағы мектеп тәрбие саласы жоспары жаңа оқу жылына арналған тәрбие іс – шаралары 472-бұйрық негізінде дәстүрлі форматқа сәйкестендіріп жасаудан басталды.

Мектеп «Бес терек Тәрбие Одағы» ның, Мектеп Қамқоршылық Кеңесінің арнайы жиналыстарын өткіздік. Сынып жетекшілер, Тәрбие Одағы, Ата – аналар WhatsApp желісі топтарында арнайы хабарламалар, жаңалықтарды жариялап, жиналыстар өткізіп тұрамын. ҚР халқы тілдері мерекесі, «Қарттар күні» және «Мұғалімдер күні» мерекелеріне орай, отбасы апталықтары, бала құқығы-адам құқығы апталықтарына орай сыныптарда практикалық тәрбие іс-шаралары ұйымдастырылып, арнайы тәрбие сағаттары өткізілді.

1 қыркүйек Бірінші сабақ пен Білім күнін атап өту іс – шарасын ҚР БЖҒМ, Обл. адами әлеуетті дамыту басқармасы және Төлеби аудандық білім бөлімінің нұсқау хаттары негізінде өткізілді.

5 қыркүйек Қазақстан халықтары тілдері күні мерекесі, отбасы апталығы өткізілді.

Қыркүйек айыдан бастап «5 терек Тәрбие Одағы» мүшелері бір неше топқа бөлініп тәрбие сағаттары мен практикалық іс-шараларға енуде

17.09 күні Жалпы Республикалық ата – аналар жиналысы аясында мектебіміз ата–аналары мен ZOOM платформасы арқылы жиналыс – семинар өткіздім.

Тоқсан сайын атқарылған тәрбие жұмыстарына мониторинг жүргізіп, WhatsApp желісінде сынып жетекшілерімен, ата-аналармен жиналыстар өткіздім. Кемшіліктерді айтып, ұсыныстар бердім.

1 қазан «Қарттар күні» мен қазанның 1 жексенбісі «Мұғалімдер күні» мерекелеріне арналған жоспарлар құрылып іс -шаралар ұйымдастырылды.

Қазан айында АББ тарапынан жіберілген «Бала құқығы – адам құқығы» , Президентіміз Қ.Ж.Тоқаевтың экология бойынша берген арнайы тапсырмасы негізіндегі бағдарлама, «Рухани жаңғыру» бағдарламасының бағыттары бойынша келген нұсқаулық хаттар, бұйрықтар негізінде мектепшілік жоспарлар құрылып тәрбие іс – шаралары жүзеге асырылды. «Сыбайлас жемқорлық» бағыты мен «Алтын күз » мерекесі атап өтілді.

Төлеби аудандық адами әлеуетті дамыту бөлімінің хаты негізінде ҰП тарапынан «Қазақстан балалары – күзгі интерактив» Республикалық каникул іс – шаралары негізінде жоспар бойынша іс – шаралар өткізілуі керек.

АББ келген «Бала құқығы – адам құқығы», «Зорлық зомбылықсыз мектеп», «Рухани жаңғыру» бағдарламасы бағыттары бойынша арнайы іс-шаралар өткізу туралы нұсқау хаттар бойынша жауапты тұлғалар, пән мұғалімдері мен сынып жетекшілеріне бір неше рет әдістемелік жиналыстар өткізіліп, хабарламалар беріліп бір шама жұмыстар атқарылды.

Мектептің әлеуметтік жұмыстар комиссиясы жиналыстары өткізіліп, аудандан АСП тізімінде тұратын отбасылар балаларына берілетін көмектер нақтыланып тұрылды.

Ата – аналар WhatsApp желісі топтарында оқушылардың құқықбұзушылықтарын

алдын алу, жіберіліп отырған түрлі байқауларға қатыстыру, сабақ қалдырмау, және т.б. бағыттарда бір неше рет үнемі хабарламалар беріп, жиналыстар өткізіп тұрмын.

ҚР халқы тілдері мерекесі, «Қарттар күні» және «Мұғалімдер күні» мерекелеріне орай, отбасы апталықтары, бала құқығы-адам құқығы апталықтарына орай сыныптарда практикалық тәрбие іс-шаралары ұйымдастырылып, арнайы тәрбие сағаттары өткізілді.

1 желтоқсан «Тұңғыш Президент күні» және 16 желтоқсан «ҚР Тәуелсіздік күні» мерекелеріне арнап мектепте апталық, декада өткізіліп, оларға барлық пән мұғалімдері, сынып жетекшілер, штаттағы педагогтар жұмылдырылып алуан түрлі іс шаралар жоспарланды.

Оқушыларды Республикалық «Жас Ұлан» ұйымы қатарына салтанатты түрде қабылданды.

Тәуелсіздіктің 30 жылдығына орай ұйымдастырылған тәрбие апталығы, ашық тәрбие сағаттары, сыныптан тыс патриоттық іс-шаралар, сынып сағаттары мен мерекелік іс-шараны тәрбие одағы мен сынып жетекшілері бірлесе жоғары деңгейде ұйымдастырып өткізді.

Жаңа жыл мерекесі бастауыш сыныптар арасында, ортаңғы буындар арасында және жоғарғы буындар арасында сынып жетекшілерінің ұйымдастыруымен сыныптарда өткізілді.

Түркістан облысы адами әлеуетті дамыту басқармасының 30.12.2021 жылғы 06/5515 санды хаты негізіндегі Төлеби аудандық адами әлеуетті дамыту бөлімінің 2022 жылдың қаңтар айы ішінде аралас, көпэтносты оқушылар және олардың ата-аналарының қатысуымен өткізілетін мәдени - бұқаралық және спорттық іс-шаралар кестесіне сәйкес Ханарық жалпы орта білім беретін мектебінде төмендегі іс-шаралар жүзеге асырылды :

- 1) Аудандағы қазақ-өзбек тілдерінде оқытылатын Әл Фараби атындағы, Тағайна, Жыланбұзған, Султанрабат, Ханарық жалпы орта білім беретін мектептері ұстаздары волейбол командалары арасында мектептің өмірден өткен ұстаздарын еске алуға арналған дәстүрлі волейбол турнирі және еске алу кеші ұйымдастырып өткізілді.
- 2) 5-9 сыныптарда мини футболдан отбасылық спорт сайысы өткізілді
- 3) 10 - 11 сынып оқушылары және олардың ата-аналары мен мектеп кітапханасында " Бірлік пен татулық-ұлы даланың ұстанымы " тақырыбында шығармашылық кеш ұйымдастырылып өткізілді.

Жаңа оқу жылы басталуына байланысты оқу-тәрбие салаларындағы жаңалықтар мен бөлісу мақсатында мектеп «Бес терек Тәрбие Одағы» ның, мектеп қамқоршылық кеңесінің арнайы жиналыстарын өткіздік.

Сынып жетекшілер, тәрбие одағы, ата – аналар WhatsApp желісі топтарында арнайы

Қыркүйек айыдан бастап «5 терек Тәрбие Одағы» мүшелері бір неше топқа бөлініп тәрбие сағаттары мен практикалық іс-шараларға енуде.

Тәрбие саласында әр бір атқарылған жұмыс, оларда белсенділік танытқан оқушылар мен сынып жетекшілеріміз жұмысы үнемі АББ, Обл. Адами әлеуетті дамыту басқармасы парақшалары, FACEBOOK және БАҚ беттерінде жарияланып тұрды. Мектепте «Тәрбие жұмыстарын жүзеге асыру күні» белгіленіп, тәрбие сағаттар мен практикалық іс – шараларға еніп талдау жасалды. Апта сайын, ай сайын «Бес терек Тәрбие Одағы» мен «Колл Центр» жиналыстары өткізіліп тұрады. Әр айда белгілі тәрбие бағыты айлығы деп жарияланып, жарияланған бағытқа басымдық беріліп алуан түрлі іс-шаралар өткізіліп барады.

№22 З.Рүстемов атындағы жалпы орта мектепте 2022-2023 оқу жылында тәрбие саласы бойынша жыл бойына атқарылған жұмыстың есебі

Келес ауданы адами әлеуетті дамыту бөліміне қарасты №22 З.Рүстемов атындағы жалпы орта мектебі коммуналдық мемлекеттік мекемесінде 25 қазан Республика күніне орай өткізілген салтанатты жиында 5-11 сыныптар аралығында жаппай Қазақстан Республикасының Әнұраны орындалып, оқушылар «Отан», «Туған жер» тақырыбында өлең шумақтарын орындады, мәнерлеп оқыды.

Жиын барысында «Атамекен», «Менің арманымдағы Қазақстан» тақырыбында өткізілген эссе байқауының жеңімпаздары марапатталды.





№22 3.Рүстемов атындағы жалпы орта мектебінде 2022 жылы 04 қазан күні мұғалімдер күніне арналған «Дублер күні» өткізілді. Мектептегі өзін-өзі басқару жұмысын жандандыру, тұлғаның көшбасшылық қасиеттерін іске асыру мақсатында ұйымдастырылды. 7,8,9,10 сынып оқушылары барлық сабақтарда мұғалімдерді алмастырып сабақ өтті. Оқушылар мектеп әкімшілігінің бір күндік қызметін атқарды. Дублер болған оқушыларда, жалпы мектеп оқушылары да бұл күннен үлкен әсер алғаны анық.

Күн қорытындысы бойынша дублер болған оқушылар жиналыс өткізіп, әр қайсысы өз пікірімен бөлісті. Дублер оқушылар мұғалімге қойылатын барлық талаптарды орындап, ұстаздық қызметтің жауапкершілігін, қиындығы мен қызығы қатар жүретін мамандық екенін сезді.



«Ана тілі – халық болып жасалғаннан бері жан жан дүниесінің айнасы, өсіп – өніп түрлене беретін мәңгі құламайтын бәйтерегі» деп Жүсіпбек Аймауытов айтқандай ана тілімізді құрметтеп, ұлықтай білейік.

Түркістан облысы, Келес ауданы адами әлеуетті дамыту бөліміне қарасты №22 З.Рүстемов атындағы жалпы орта білім беретін мектебінде Қазақстан Республикасының тілдер мерекесіне орай «Мемлекеттік тіл – Қазақстан халықтарын біріктіретін тіл» атты айлық іс-шарасы мәресіне жетті. Осыған орай білім ордасында қазақ тілі, орыс тілі, ағылшын тілі бірлестігі мерекелік іс шара ұйымдастырды. Оқушылар үш тілде көркемсөз оқып, ән салып, өз өнерлерін көрсетті. Көп тіл білу әсіресе жас ұрпақтың міндеті және дәуір талабы.







Түркістан облысы, Келес ауданы әлеуетті дамыту бөліміне қарасты №22 З.Рүстемов атындағы жалпы орта білім беретін мектебінде Қазақстан Республикасының тілдер мерекесіне орай «Мемлекеттік тіл – Қазақстан халықтарын біріктіретін тіл» атты айлық іс шарасы бесінші қыркүйек күні салтанатты түрде ашылды. Іс – шараның мақсаты тіл – татулықтың, достықтың тетігі, тәрбиенің көзі екенін түсіндіру, оқушылардың тілге деген құрметін арттыру. Осыған орай мектебімізде қазақ тілі, орыс тілі, ағылшын тілі бірлестігі тарапынан түрлі мерекелік іс – шаралар өткізілуде.

«Үш тілділік – заман талабы» атты сурет байқауы болып өтті. Байқау Ахмет Байтұрсынұлының шығармаларында қоса қамтыды. Мектептің өнер тарландары өз туындыларын ұсынды. Жоғарғы деңгейде орындалған жұмыстар марапатқа ие болды. «Қазақ тілі – халық қазынасының тұтас бір қоймасы» атты 6-сыныптар арасында сайыс сабақ өтілді. Сабаққа жоғары белсенділікпен қатысқан 6 «б» сынып оқушылары марапатталды. 6 «б» сынып оқушыларын құттықтаймыз!

Тіл мерекесіне арналған іс –шара жалғасын табуда.



«Кәмелетке толмағандар арасындағы және кәмелетке толмағандарға қарсы жасалатын құқық бұзушылықтың, оның ішінде зорлау сипатындағы қылмыстардың , ерте жүктіліктің, аутодеструктивті мінез-құлықтың» алдын алу мақсатында жарияланған «Қылмыссыз балалық шақ» атты айлық іс-шара аясында 11 қараша күні №22 З.Рүстемов атындағы жалпы орта мектепте «Қыз тәрбиесі – ұлт тәрбиесі» тақырыбында қыздар жиналысы өткізілді.

Жасөспірімдердің өмірін сақтап қалу үшін әртүрлі жағдайлардағы қауіпсіз мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру, болашақта ұрпақ қамын, ұлт тағдырын ойлайтын қоғамның мүшесі болуларына жағдай жасау, ерте жүктіліктің алдын алу мақсатында түсіндірме жұмыстары жүргізілді.



Келес ауданы адами әлеуетті дамыту бөліміне қарасты №22 З.Рүстемов атындағы жалпы орта білім беретін мектебінде «Абайлаңыз балалар!» іс –шарасы ұйымдастырылып, сынып сағаттары өткізілді. Акция өткізу барысында балалардың жол қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында оқушылар арасында түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

Мақсаты: Оқушылардың жол ережесі туралы білімін кеңейту, жол белгілерін , олардың топтарын ажырата білуге үйрету, жол ережесін қатаң сақтауға тәрбиелеу.





№22 З.Рүстемов атындағы жалпы орта мектебінде қараша айының 14-19 күндері аралығында МАД тобы, 1-11 сыныптар арасында «Аяулы күз, алтын күз» мерекесі өткізілді.

Төмендегі іс –шараларға оқушылар белсене қатысты: «Күз сыйы» жәрменке, «Шебер қолдар» (қол өнер), «Гүл ғажайып дүние» гүлдер галлерейасы, «Алтын күз» сурет байқауы, «Табиғатты сүйемін, сұлулыққа бас иемін» мәнерлеп жатқа айту, «Өнер сайысы» (ән, би), «Сымбаттылық» (киім сән үлгісі).

Мақсаты: Оқушылар арасында табиғатты қорғау жұмыстарын күшейтіп, балалардың экологиялық білімін түпкілікті қалыптастыру, жаңа өмір бағытына, сұлулыққа, білімділікке тәрбиелеу. Ұйымшылдықпен қатыса отырып күз-береке, күз-шаттық, күз-қуаныш екенін оқушы санасына жеткізіп өздеріне ерік бере отырып ауызбіршілікке, ынтымақтастыққа баулу. Барлық сыныптар түгелдей қатыстырылып, оқушылар белсенділік танытып өнерлерімен көрерменді тәнті етті.







№22 З.Рүстемов атындағы жалпы орта мектебінің тарих-география, химия – биология пәндерінің 05-19 желтоқсан аралығындағы «Тарих –өткеннен сабақ, келешекке өнеге» атты онкүндігі салтанатты түрде ашылды.

Онкүндіктің мақсаты: Оқушыларға өз Отанын сүюді насихаттау, ұлтжандылыққа тәрбиелеу. Тәуелсіз Қазақстан тарихын жетік білуге құштарлығын ояту. Бүгінгі заманға сай іздемпаздыққа, шығармашылыққа баулу. Оқушыларға арналған сөзжұмбақтар мен басқатырғыштар мектеп қабырғаларына ілінді. Биология бұрышы ұйымдастырылып, қартамен жұмыс жүргізілді.

Алдағы уақытта оқушылар мен ұстаздарға сәттілік тілейміз!



В школе N22 имени З.Рустемова с 21 ноября по 5 декабря под названием "Сокровищница пушкинских произведений" была проведена декада русского языка и литературы.

В программу декады были включены различные конкурсы, которые позволили детям 2-11 классов показать свои знания по предмету. Проводились интеллектуальные игры и конкурсы как "Юный художник", конкурс эссе на тему "Моя любимая профессия", конкурс диктантов "Грамотей", а также конкурс "Юный чтец". Была создана школьная стенгазета с кроссвордами загадками, а также были опубликованы материалы для более глубокого изучения русской жизни и быта. Литературный вечер с учащимися 10-х классов провели учителя-предметники Абдикулова Б.М., Джуманова Куралай Уразбековна на тему "Пушкин -наше все". Ученики делились знаниями, читали стихи наизусть, исполняли песни. Изучая пушкинские произведения, они раскрыли тему мероприятия.

С учащимися 9 "а" класса открытый урок провела Алимкулова Рано Багисбаевна на тему "Женские образы в романе ""Путь Абая".

Под руководством учителей Кидирбаевой Шолпан Умирзаховны, Алимкуловой Рано Багисбаевны также были проведены конкурс юных чтецов. На сцене выступали учащиеся 2-11 классов. Они читали пушкинские стихи, обогатив тем самым свои копилки знаний.

Интеллектуальные игры как "Юные филологи", "Знатоки русского языка", конкурс "Звездный час" проводили с учащимися средних классов учителя Назарова С.Н., Алданазарова Ж.М., Керимбердиева К.А.,

Итоги конкурсов "Грамотей" подвели Ерназарова Б.К., Сбанбаева Г.Н. Конкурс решений кроссвордов, ребусов и русских народных загадок был завершен в сроки. Всех участников-победителей благодарит методическое объединение русского языка и литературы и объявляет благодарность за активное участие во всех мероприятиях недели.



№22 З.Рүстемов атындағы жалпы орта мектебінде 16 желтоқсан Тәуелсіздік мерекесі қарсаңында 2 - сынып оқушыларын Республикалық бірыңғай «Жас Қыран» балалар мен жасөспірімдер ұйымы қатарына оқушыларды қабылдау салтанатты жиын өтті.

Мақсаты: елін сүйуге, өз елінің тарихын қастерлеуге, Туған еліне, жеріне деген сүйіспеншілігін арттыру.



Келес ауданы адами әлеуетті дамыту бөлімінің әдістемелік кабинетінің жылдық жоспарына сай №22 Зиябек Рүстемов атындағы жалпы орта мектебінде дене шынықтыру пәні мұғалімдерінің «Дене шынықтыру сабағында 7 модульді оқыту тәсілдерін пайдалану арқылы пәнге деген қызығушылықты арттыру» атты тәжірибелік семинар өтті.

Ауданның тәжірибелі ұстаздары ашық сабақтар көрсетіп, әдіс алмасты.

№22 Зиябек Рүстемов атындағы жалпы орта мектебінің дене шынықтыру пәні мұғалімі Б.Жолдасов «Тоғызқұмалақ ойынында жүріс дәлдігін, санын есептеу» тақырыбында, А.Ахментаев «Футбол ойынының тактикалары» тақырыбында, №2 Өзбекәлі Жәнібеков атындағы мектеп-гимназиясының мұғалімі С.Суранов «Қазақтың ұлттық ойыны – бес асық» тақырыбында, С.Абдурахманов «Баскетбол ойынының ережесі» тақырыбында ашық сабақтар өтті.

Семинар жұмысын қорытындылай келе, Келес ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің әдіскері Н.Нурмухамбетов өтілген сабақтарға жоғары баға берді.

Семинар соңы бүлдіршіндердің концерттік бағдарламасына ұласты.





№22 3.Рүстемов атындағы жалпы орта мектебінің тарих-география, химия-биология пәндерінің 05-19 желтоқсан аралығындағы «Тарих – өткеннен сабақ, келешекке өнеге» атты онкүндіктің жабылуына байланысты мұғалімдер арасында «Нартәуекел» атты зияткерлік сайыс өтті. Сайысқа әр бірлестіктен ұстаздар қатысты.

Қорыта келе, ұстаз – жас ұрпақтың рухани сәулеткері және қоғам, халық өзінің үміті мен болашағын тапсыратын сенімді өкілі.

Ұстаз – әрі ғалым, әрі шешен, әрі көшбасшы бола білсе ғана алдында отырған шәкірті білімді болады, болашақта ел тұтқасын берік ұстар азамат болады.

Бүгінгі сайысқа қатысқан мұғалімдердің бойынан осы қасиеттерді байқауға болады. Ұстаздар белсенді қатысып, бала көңілдерімен қуанып, өнер, спорт, әдебиет саласындағы білімдерін ортаға салды.

Сайыс соңында бірлестік жетекшісі, тарих пәнінің мұғалімі, Келес

ауданының ұлағатты ұстазы С.Жанаев белсенді қатысқан ұстаздарды марапаттады.





Келес ауданының адами әлеуетті дамыту бөліміне қарасты №22 З.Рүстемов атындағы жалпы орта білім беретін мектебінде «Ұшқыр ой алаңы» дебат клубы мүшелерінің ұйымдастыруымен 9-10 сынып оқушыларының арасында «Интернеттің пайдасы мен зияны» пікір сайыс өтті.

Мақсаты: Оқушыларға интернет туралы толық ой қалыптастырып, тапқырлық пен ізденімпаздық қасиеттерін тиянақтап, білімдерін шыңдау.



Түркістан облысы, Келес ауданының адами әлеуетті дамыту бөліміне қарасты N22 З.Рүстемов атындағы жалпы орта білім беретін мектебі мемлекеттік коммуналдық мекемесінде «Математика, физика және информатика» пән бірлестігінің «Цифрлы әлемге—кемел біліммен» атты онкүндігінің ашылу салтанаты болып өтті.

Апталықтың ашылу салтанатында мектеп директоры Парманова Гүлжан Ақжолқызы бірлестік мүшелеріне

[Мазмұны](#) ↑

және оқушыларға сәттілік тіледі.

Бірлестік жетекшісі С.Тастанова 06.02.2023-17.02.2023 жыл аралығында өтетін онкүндіктің жоспарымен таныстырды.

Апталықтың ашылу салтанатында ұстаздар арасында интерактивті тақтаны пайдалана отырып «XXI ғасыр нақты ғылымдар» атты сайыс өткізілді. Дәл осы уақытпен қатар оқушылар арасында «Бинго» және «Жемісті шашка» сайыстары өтті. Жеңімпаздар марапатталды. Оқушыларға арналған сөзжұмбақтар мен ребустар және басқатырғыштар мектеп қабырғаларына ілінді.

Оқушылар «Ең үздік геометриялық фигуралар, физикалық және информатикалық макеттер» бөлімінде қолдан жасалған бұйымдарын қойып жатты. Алдағы уақытта оқушылар мен ұстаздарға сәттілік тілейміз!



№22 З.Рүстемов атындағы жалпы орта мектепте 2023-2024 оқу жылында тәрбие саласы бойынша І- тоқсанда атқарылған жұмыстың есебі

№	Іс-шара атауы	Ссылкасы	Дәлелдемесі
1	1 Қыркүйек – Білім күніне орай «Мектебім – мейірім мекені»	https://www.facebook.com/100055908703662/posts/pfbid0ZzPZasGH2ADyRsUDU1f4qdkz2MNFzcAisCHd5oka3vjfzh5oEMCqB25gu3DbWz5Ul/?app=fbl	
2	«Адалдық жүрген жерде адамдық жүреді», «Адамдық – ардың ісі»	https://www.facebook.com/100055908703662/posts/pfbid0389ojoQzX4wU5jR5QnhkzEgjKktnXNMmChFdEuCqvWT6YoXUDkso6uZSF2Wp3teB4l/?app=fbl	
3	«Адал және сатылмайтын еңбек бейнесі», «Адалдық-адамдық»	https://www.facebook.com/100055908703662/posts/pfbid02N3T6Dia75jVmEQgdzachTH8QPRaoYmdKvJkc3icwdFNf42g2a4zhLhSLwSp5QLwfl/?app=fbl	
4	«Дене сергіту» челленджі	https://www.facebook.com/100055908703662/posts/pfbid0HZRTEPSt4qDDctEYipuXAGzGzLNCHjZBAbgS6uk3pDqfVPXA81TfDTmcZDhEX6m5l/?app=fbl	

5	«Мәңгілік ел –мәртебелі тіл» атты онкүндігі	https://www.facebook.com/100055908703662/posts/pfbid0pFDiEW15YeKA1Y3Pdm dXKrhKyDjnVp5nX28q8F8bs5PFVcDowVqZa2F7BzTmLVQal/?app=fbl	 
6	«Абайлаңыз балалар»	https://www.facebook.com/100055908703662/posts/pfbid02jg4Dsxy2C6qvFD18zmqVY2K5vxbVJ5mU8SEnj9FhjmK2SL4tKB9GYQxSfw1rFRvI/?app=fbl	 
7	“Дублер күні»	https://www.facebook.com/100055908703662/posts/pfbid02RiJRJiYrUZYMSeiU2n9tB9FV1udhNa3boDXdkSdZsCeUGLqTAJxr1HwErwUtYPoFl/?app=fbl	

			
8	«Ұстазыма мың алғыс»	https://www.facebook.com/100055908703662/posts/pfbid02vTwSjTMQgMnAHBmSHeBb9NPmTjLRz52UKYQHVzKJPjPY3a1LiLpezLQap8d2bZ2KI/?app=fbl	 
9	25 қазан – Республика күніне орай «Жас Қыран», «Жас Ұлан» бірыңғай балалар мен жасөспірімдер ұйымының қатарына қабылдау салтанатты рәсімі өтті.	https://www.facebook.com/100055908703662/posts/pfbid02fiPRqkkyqATYrsNCvsUzDC4dkzVD5p96ZrcY8rKdFs67RxKAQJadUasumYdMBTY31/?app=fbl	   

10	«25 қазан – Республика күні» мерекесіне орай, Жалпыұлттық «Қыран елім – Қазақстан!» патриоттық акциясы аясында оқушылар мен ұстаздар Мемлекеттік Әнұранды орындады.	https://www.facebook.com/100055908703662/posts/pfbid0aDPJhkSMf7zuzcDajwGm7K7WVP7vHcc11HUE3VhYC5jqPXLYGyJPAmqb196Tf9AYl/?app=fbl	 
11	21- қазан күні Мектеп парламенті Президентін сайлау өткізілді.	https://www.facebook.com/100055908703662/posts/pfbid02Rz2Zs8sVzza2hK1uojPi2Cu3RqSDXHrTCwt4M5rKnGkyh6f9gZSNq8oNzbr3By1hl/?app=fbl	
12	Ұланбасымен өткізілген «Толағай» сайысы	https://www.facebook.com/100055908703662/posts/pfbid02Rz2Zs8sVzza2hK1uojPi2Cu3RqSDXHrTCwt4M5rKnGkyh6f9gZSNq8oNzbr3By1hl/?app=fbl	 

№22 3. Рүстемов атындағы жалпы орта мектебінің 2022-2023 оқу жылының грант иегерлері туралы мәлімет

Ұлттық бірыңғай тестілеу – жалпы орта білім беру ұйымдарында білім алушыларды қорытынды аттестаттау нысандарының бірі. Осы орайда, оқушылардың ҰБТ-ге дайындығын жүргізу мақсатында жоспар түзіліп, бекітілген. Жыл бойы дайындық жұмыстары күнделікті кесте бойынша жүргізіліп, сынама тест алынды. Оқушылардан алынған тест қорытындысы жайлы және олармен жүргізілген түзету жұмыстары жайлы есептер беріліп отырды. Ата-аналармен ҰБТ-ге дайындық мәселелері жайлы жиналыс өткізіліп, тест өткізудің ережелері мен талаптары жайлы түсіндірме жұмыстары қосымша сабақтардың жүйелі өтілуін мектеп әкімшілігі мен пән мұғалімдері тарапынан қамтамасыз етілді. Оқушыларға кәсіби бағдар беру жұмыстары 8-9 сыныптардан қолға алынды. Бітіруші түлектерге жеке пәндерді таңдауда біршама жеңілдіктер болды, өйткені оқу жылының басында олардың мүмкіндіктері ескерілді, олардың қосымша сабақтарға қатысу деңгейі тиянақты болды. Оқу жылы барысында, демалыс кезеңдерінде де ұйымдастырылған қосымша сабақтардың нәтижесін тестпен қорытындылап, мониторингілеп таныстырылып отырды. Ата-аналар тарапынан бос уақытын ұйымдастыруға қолдау көрсетіліп, қадағалану нәтижесінде біршама жұмыс сапасы артты. Оқушыларды пән мұғалімдері А, С топтарына бөле оқыту, оқушыларды үйретуде дифференциациялап оқыту сапаны көтеруде пайдасы мол. Бұл тәсілді қолдану мектепте жылдар бойы қолға алынған және де ҰБТ-ге дайындық жұмыстары ата-ана, оқушы, пән мұғалімі, мектеп әкімшілігі бірге отырып атқару өз нәтижесін береді. Биылғы 2022-2023 оқу жылында 22 оқушы яғни мектеп бітірушілері төмендегі таңдаған мамандықтары бойынша оқу гранттарына ие болып отыр.

	2020-2021 оқу жылы	2021-2022 оқу жылы	2022-2023 оқу жылы
Бітіруші саны	56	59	53
Грант иегерлері саны	11	30	22

Р/с	Оқушының аты-жөні	Қаласы	Түскен оқу орнының атауы
1	Абдигани Балнұр Нұрбекқызы	Аудармашы	Қарағанды. Букетов атындағы университет
2	Абдаш Сабина Мұхтарқызы	Жалпы медицина	Алматы. КРМУ
3	Абдрашид Сыраухан Зейінұлы	Физика пән мұғалімі	Қарағанды. Букетов атындағы университет
4	Ақжол Ердаулет Ерболұлы	IT	Алматы. Қ.Сатбаев атындағы университет

5	Алижанов Сабыржан Гуламович	Дәнекерлеуші	Абай .№13 кәсіптік колледж
6	Белгожа Арайлым Нурхалиқызы	Химия факулт	Шымкент. ОҚМУ
7	Белкожа Индира Қайратқызы	Биотехнолог	Шымкент. ОҚМУ
8	Камбарбек Ақерке Абубакирқызы	Физика факулт	Шымкент. ОҚМУ
9	Перистемов Ерболат Алибекович	Педиатрия	Алматы. С.Ж.Асфендияров атындағы ҚазҰМУ
10	Сыдық Мықтыбек Сейтжанұлы	Танк жүргізушісі	Алматы. Военный академия
11	Рахматулла Нұрғұл Рақымқызы	Биология пән мұғалімі	Алматы. АГУ
12	Тасқұл Маржан Маратқызы	Бастауыш сынып мұғалімі	Алматы. ЖЕНПУ
13	Бакберген Маржан Болатқызы	Қазақ тіл мұғалімі	Көкшетау. Ш Уәлиханов атындағы университет
14	Зулпухар Айида Серікқызы	Қазақ тіл мұғалімі	Қарағанды. Букетов атындағы университет
15	Дуйсенбай Нүркен Темирбекұлы	Физика пән мұғалімі	Алматы. Абай атындағы педагогикалық университет
16	Мусабаева Ақбота Бауыржанқызы	Аудармашы	Қарағанды. Букетов атындағы университет
17	Мусакулова Жанулу Бабамуродовна	Қазақ тіл мұғалімі	Көкшетау. Ш Уәлиханов атындағы университет
18	Нұрәли Мақсат Жұмабекұлы	Өсімдік шаруашылығы	Алматы. Қазақ Аграрлық техникалық университеті
19	Кошербай Нұрғұл Қошқарбайқызы	Бастауыш сын мұғалімі	Алматы .Қыздар педагогикалық университеті
20	Сапаралы Бакдәулет Бауыржанұлы	Физика пән мұғалімі	Алматы. Әл-Фараби атындағы қазақ ұлттық университеті
21	Полат Ерасыл Сейлбекұлы	Метреология	Алматы. Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
22	Темірхан Нұрсұлтан	Мал дәрігері	Көкшетау. Ш Уәлиханов атындағы университет
23	Джумабай Айман Жеңісбекқызы	Жалпы медицина	Шымкент Медицина Академиясы.

Жалпы мәлімет мектеп сайтында толығымен жарияланды.



Комиссия төрайымы: _____ А.Г.Парманова, мектеп директоры

Комиссия мүшелері:

_____ Б.Р.Алимкулова

_____ Е.С.Ергалиева

_____ У.Ш.Кидирбаева

_____ Э.Р.Бектурганова

_____ К.С.Жанаев

_____ Р.С.Тастанова

_____ А.М.Косахова

_____ С.Э.Сегизбаева